

## ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНДЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕРІ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

<sup>1</sup>ҚМУ Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы (Қарағанды, Қазақстан Республикасы)

\*Гульзат Габдоллақызы Алиева – ҚМУ Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының оқытушысы (Қарағанды, Қазақстан Республикасы); телефон: +77011761898, электрондық пошта: gulzatalieva2020@mail.ru

Қазіргі кезде елімізде денсаулық сақтау саласын дамыту мақсатында көптеген түрлі жұмыстар мен әдістер жүргізілуде. Мақалада пәнаралық оқытудың белсенді әдістерін енгізу туралы қарастырылған. Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының аға оқытушылары «Кәсіпорын теория негіздері» және «Құқық негіздері» пәндерінің бірігуімен белсенді әдістерді қолдануымен пәнаралық ашық сабақ жүргізілді. Пәнаралық байланыстардың бір пайдалы жағы ол бүкіл оқыту ісін, барлық оқытушыларға бірыңғай талаптар қоюға және әр түрлі пәндерде ортақ мүддені шешуге жұмылдырады. Сабақ барысында болашақ білімді де білікті, бәсекеге қабілетті жас мамандарды даярлап шығаруда осындай пәнаралық сабақтардың жүргізілуі қажетті және тиімді әдіс екені анықталды.

*Кілт сөздер:* белсенді оқыту, пәнаралық сабақ, тақырыптық жоба, топтық жұмыс, бәсекеге қабілетті, тиімділік

Қазіргі кезде елімізде денсаулық сақтау саласын дамыту мақсатында көптеген түрлі жұмыстар мен әдістер жүргізілуде. Әсіресе, осы салада оқытын студенттерді білімді де білікті өз жұмысына жауапты, бәсекеге қабілетті маман етіп дайындау мақсатында оқу барысында түрлі белсенді әдістер қолданылып келуде. Жастардың бойындағы рухани сана қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негізі жұмыстың басты өзегі болды. Белсенді оқыту әдістерінің басты принципі – студенттің «мен істей алмаймын», «мен білмеймін» деген ұстанымдарына тосқауыл қою. Еркін кеңістік принципін ұстану ұсынылады: сабақ қатысушылары еркін қозғалуына, шеңбер бойынша орналасуына, кіші топтарда бірігіп жұмыс істеуіне болады, мәселені шешу, тапсырманы орындау үшін жекелене алады және т.б. жатқызуға болады.[1]

Белсенді оқыту әдістеріне мәселелі дәрістер, мәселелі семинарлар, тақырыптық дискуссиялар, дөңгелек үстел, мильяқ шабуыл, педагогикалық ойын жаттығулары тәжірибе жинау жатады.[1]

Білім беру жүйесінің құрылымына немесе дағдылануға байланысты әртүрлі бағытта белсенді әдістер: имитационды және имитационды емес болып бөлінеді.

Имитациялық оқыту түрі ойын түрінде немесе ойын емес түрде кездеседі. Ойын түріндегі әдістерге рөлдік, іскерлік ойындар, мәселелі-іскерлік (5-6 студенттен тұратын топ жағдайды талдайды және өзбетінше шешім қабылдайды, оқытушы тек шешім қабылдауға

әсер етеді, бірақ ол дайын жауаптарды ұсынбайды), зерттеу (ғылыми жоба), ұйымдастыру-танымдық (эссе құрастыру), ұйымдастыру-іскерлік ойындар (портфолио), блиц-ойындар (сұрақ-жауап), ойындық жобалау түрлері жатады. Ал, ойын емес түрде өтетін әдістерге ситуацияны нақты анализі, ситуациялық тапсырмаларды шешу, имитация- жаттығу және индивидуалды тренингті жатқызуға болады.[2]

Имитациялық емес әдістер өзімен бірге мәселелік дәрістерді, зерттеу әдістерін, оқу талдауын, конференцияларды және студенттің өзіндік жұмыстарын қарастырады.

Іскерлік оқыту – бұл принцип, концепция, әдістер мен жолдарды тек түсіну ғана емес, алған білімін есте сақтау қабілеті және тәжірибеде қолдану мүмкіндігі.[1]

Берілген оқыту түрлері кәсіби әрекет етуді көрсетумен сипатталады, сондықтан медициналық ЖОО да оқу үрдісінде белсенді қолданылуы қажет.

Тәжірибе алмасу мақсатында Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасының ассоцииротанный профессоры Қ. А. Темірғалиев және кафедраның оқытушысы А. Б. Долгополов О. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған Университетіне ЖОО-ның ПОҚ академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде сапары болды. Бұрынырақ бекітілген тақырыптық жоспармен Гуманитарлық-педагогикалық және Тау-технологиялық институттардың 1-ші және 2-ші курстарының академиялық топтарында «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» және «Дінтану» пәндері бойынша дәрістер

оқылды және тәжірибелік сабақтар жүргізілді. Қ. А. Темірғалиев және А.Б.Долгополов ЖезУ оқытушыларын ҚММУ-де, кафедрада қолданылатын әлеуметтік-саяси пәндерге студенттерді оқытудың белсенді әдістерімен қысқаша таныстырды: ол дәрістер-баяндамалар, Қазақстан тарихы бойынша қысқаша бейне дәрістер түсірмелері (соның ішінде авторлық құқық туралы куәлік бар); ол ҚМУ студенттерінің біздің кафедра оқытушыларымен бірге қазақ халқының бай мәдени мұрасын және біздің жұмыстың басқа түрлерін насихаттау үшін сапарлар.

Қ. А. Темірғалиевтің мастер класс шеңберінде өткізілген дәріс оқытушылар тарапынан қызығушылық танытты. Оның нәтижесі бойынша сауалнама жүргізілді, оны талдауда біздің Жезқазғандық әріптестеріміз біздің кафедраның оқытушыларымен сабақ өткізу әдістеріне (PBL, TBL, RBL) қызығушылық танытқандарын көрсетті. [3]

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындары болашақ мамандарды даярлауда кәсіби даярлыққа көп көңіл бөліп отыр. Оның бір бөлігі ретінде пәнаралық байланыс арқылы пәндерді меңгеруде қоғамның әр түрлі салаларында студенттердің қарым-қатынастық құзырлығын қалыптастыру жатады. Сол себепті жоғары оқу орындарында тәлімгерлерге қойылатын жаңа әлеуметтік-экономикалық талаптар ең алдымен студенттердің жаһандану үрдісі және олардың мегақарым-қатынастық ортаға бейімделген қарым-қатынастық білім-біліктерін қалыптастырумен байланысты.

Қазіргі таңда қоғамда маңызды мәселелердің бірі болып діни қатынастар табылады. Сол себепті «Философия» және «Дінтану негіздері» пәндері арасында кафедра меңгерушісі Темірғалиев Қ. А. пен кафедраның оқытушысы Бакирова А. Т. жетекшілігімен дөңгелек үстел түрінде сабақ өткізілді. Ол отырыста студенттер өз ойларын ортаға салып, жан-жақты деректер келтіріп мәселелерді шешуге тырысты.

Ғылыми-бағытталған оқыту студенттерде ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту үшін маңызды болып табылады. Осы дағдыны қалыптастыру үшін «Философия» пәні бойынша оқу бағдарламасында студенттердің өзіндік жұмыстарында екі тақырып анықталды, ол студенттермен RBL түрінде орындалуы қажет. Ол «Философия тарихындағы субстанция мәселесі. Сананың пайда болуы мен мәніне философиялық және жаратылыстану-ғылыми көзқарастар» және «Қазіргі әлемдегі маңызды мәселелер туралы филосо-

фиялық ой талғамдар». Осы пәнді оқыту барысында студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру, ғылыми зерттеу қабілеттерін дамыту, интеллектуалдық және шығармашылық дағдыны дамыту жүзеге асырылды.

Студенттер тақырыпты әдебиеттерді қолдана отырып өз бетінше зерттеу керек, осы мәселелер бойынша ғылыми мақалаларды талдаулары қажет, мақалалар не Киберленинка, не басқа ғылыми мақалалар каталогынан алынып, осының негізінде ғылыми эссе жазулары керек. [3]

Осылайша, студенттер ғылыми ізденіс аумағын анықтаулары, мәліметтердің электронды базасы мен кітапхана қорлары көмегімен осы мәселе бойынша ғылыми мәліметтер жинауы керек және ғылыми мақалаларды талдау негізінде ғылыми эссе жазулары қажет.

Медицина саласындағы кәсіпкерлік негіздері және жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері пәндерін оқытуда көбінесе мына белсенді әдістерді қолданады:

- іскерлік ойындары - топ студенттерінің барлығының рөлдік қатысуы
- дискуссия (студенттер тақырыпты өздері таңдайды);
- студенттермен өзара сұрақ алмасу (жекпе-жек); «жеке өзі» мәселені шешуі (бетпе-бет),
- студентті қызықтыратын тақырып бойынша эссе жазу;
- тақырыптық презентация-жоба құрастыру, кейін оны қорғау
- журналдық клуб әдісі (периодты түрде анализ жүргізе отырып, презентация дайындау),
- тақырыптық конференцияларды жүргізу және басқалары

TBL оқу әдісі- топтық жұмыс, топта жұмыс жасауға негізделген оқу әдісі. Бұл әдістің ерекшеліктері:

- студенттерді белсенді оқыту процесі
- коммуникативті дағдылардың дамуы
- топтық жұмыс жасауды дамыту

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір студентке сапалы терең білім мен іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуге, ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Пәнді оқыту үдерісінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістерді мақсатты, жүйелі түрде қолдана отырып, студенттердің интеллектін, шығарма-

шылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін ұшқырлау, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту болып табылады. Пәннің мақсаттары мен міндеттері қоғам дамуының экономикалық және құқықтық заңдылықтарды және тиімді қызмет ету мәселелері туралы білімдер мен дағдаларды қалыптастыруға бағытталған. Экономика ғылымының, кәсіпкерліктің және медицина саласындағы құқықтық реттеудің өзекті мәселелері.[2]

Оқыту процесін тиімді ұйымдастыру, жеке пәндер арасындағы ортақ ұғымдарды заңдылықтарды бір-бірімен өзара байланыстыру, студенттердің танымдық, ізденушілік қабілеттерін, іс-әрекеттерін дамыту, алған білімдерін жинақтау, тәжірибеде қолдана білуге үйрету және тағы басқа мәселелер дидактикалық тұрғыдан шешуді қажет етеді. Пәнаралық байланыстардың бір пайдалы жағы ол бүкіл оқыту ісін, барлық оқытушыларға бірыңғай талаптар қоюға және әр түрлі пәндерде ортақ мүддені шешуге жұмылдырады. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың жолдарына мыналарды жатқызуға болады: жеке пәнді оқытқанда басқа пәндерді оқыту ісіне өз ықпалын тигізетіндей болуын көздеу; пәндерді оқып үйренуде өтілетін материалдарды уақыт жағынан үйлестіріп отыру; студенттердің ғылыми теориялар мен заңдылықтарды игеруін, олардың жинақтылығымен әдістерімен, дағдыларымен сабақтастыра қалыптастыру; жалпы теориялық білім алуды және практикалық іскерліктер мен дағдыларды бірыңғай әдіспен жүзеге асыру; әр түрлі пәндердің зерттеу әдістерінің ортақ ерекшеліктерін көрсете білу; сабақтарда оқылатын құбылыстардың өзара байланысын ашып, дұрыс дидактикалық дүниетаным қалыптастыру.[2]

Қазіргі таңда әлемде кез-келген мемлекеттің қай салада болмасын қарқынды алға басуында экономиканың дамуы маңызды роль атқарады, ал бұл саланың ешқандай кедергісіз жүзеге асырып отыру үшін заң саласы екені бәрімізге мәлім. Кафедра оқытушысы Алиева Г. Г. ашық сабақ өткізді. Сол себепті, бұл пәнаралық байланыс арқылы өткен ашық сабақтың негізгі мақсаты: Қазіргі нарықтық экономика жағдайында бәсекелестіктің тиімділігі, отбасы мен еңбек құқығының сауаттылығын арттыру болып табылды. Осы мақсатқа жету барысында студенттер әртүрлі әдістер мен тапсырмаларды орындау арқылы өз білімдерін ортаға салды. [1]

Студенттерге арналған алғашқы тапсырма олардың берілген тақырыпқа қатысты білім деңгейін тексеру мақсатында жүргізілген

тест сынағалары болды. Олардың алдымен берілген тапсырмаларды жеке, кейін топпен ақылдаса отырып жауап беруі арқылы білім деңгейлері тексеріліп, жеке және топта жұмыс істеу деңгейлері бақыланды.

Студенттерге қойылған келесі талап олардың үй тапсырмаларын тексеру болды. Бұл кезең өте қызықты өтті, студенттердің бәсекелестікке қабілетін сынау мақсатында оларға берілген медицина саласында өздерінің клиникаларын ашу тақырыбына берілген тапсырманы олар жоғары деңгейде алып шықты. Өздерінің сұранысқа ие әрі жоғары сапалы клиникаларын ашып, ең үздік клиника екендерін дәлелдеу мақсатында түрлі жарнамалар жүргізіп, таныстыру жұмыстары болды. Әрбір таныстырылып өткен клиникалардың әртүрлі ерекшеліктері бар. Мысалы, бір клиника жоғары сапалы нанотехнология нәтижесінде пайда болған құрылғылармен жұмыс жасаймыз десе, енді бірі шетелдік мамандармен тәжірибе алмаса отырып жұмыс жасайтындарын жеткізді және де қазіргі таңда еліміздегі тағы бір мәселені шешу мақсатында ауыл-аудандарға медициналық құрылғылармен жабдықталған ақылды жедел-жәрдем көліктері болатынын басқа да клиникалар айтып өтті. Сонымен қоса, бұл кезеңде студенттерге экономика және құқық салары бойынша бірнеше талаптар қойылды. Клиниканы ашу барысында экономика тұрғысынан қаржы мәселесін шешу, маркетинг, кәсіби мамандарды жұмысқа алу, логотип ойлап табу, бәсекелестікке қабілетті болу деген секілді талаптар болса, осы жұмыстарды заң жүзінде реттеп, бір жүйеге келтіру үшін құқық саласы бойынша ең алдымен, клиниканы ашу үшін лицензия алу, жұмысқа алынған мамандардың еңбек шартының болуы, оларға төленетін жалақы мөлшері, жұмыс уақыты, сақтандыру секілді талаптар қойылды. Бұл кезеңде студенттер өздерінің бәсекеге қабілетті екендерін әрі болашақта өз клиникаларын аша алатындықтарын көрсетіп, төрешілерден өздерінің тиісті бағаларын алды.

Соңғы кезең студенттердің құқық саласындағы білімдерін тексеру мақсатында жағдаяттық есептер берілді. Бұл жағдаяттық есептерге жауап беру барысында заңда көрсетілген баптарды көрсетулері керек болды. Студенттер бұл тапсырманы да мүдірмей орындап шықты. [1]

Қорытындылай келе, кәсіпкерлік теория негіздері және құқық негіздері пәндерінің қосылуы нәтижесінде болып өткен пәнаралық ашық сабақ өз мақсатына толықтай жетті, студенттер жоғары деңгейде тапсырмаларға

жауап беріп, бағалау критерийлеріне сәйкес тиісті бағаларын алды. Сонымен қоса, жүргізілген ашық сабақ келген қонақтардың да көңілінен шығып, жоғары деңгейде бағалап кетті.

«Қазақстанның қазіргі замаңғы тарихы» пәнінің негізгі мақсаты – отандық тарихтағы негізгі оқиғалардың мазмұны туралы ғылыми дәлелденген фактілер негізінде міндетті толық білім беру, тарихи-мәдени дамудың үздіксіздігі мен сабақтастығын дәлелді көрсету, рухани мұрагерліктің терең тамырларын, тарихи тәжірбиені және ұлттық дәстүрлерді құрметтейтін жастардың ұстанымын қалыптастыру.

Оқыту міндеттері:

- студенттерді қазіргі тарих ғылымының жетістіктерін пайда отырып, хронологиялық тәртіпке сай ауқымды және нақты материалдармен таныстыру;

- проблемалық дәрістер әдісін қолдану жолымен студенттерді шығармашылық ойлауға жаттықтыру;

- Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының гуманитарлық пәндер жүйесіндегі орнын, оның объектісі мен пәнінің ерекшеліктерін, ең өзекті проблемаларын анықтау;

- бүгінгі тарих және тарих ғылымының рөлі, оның салалары мен бағыттары, тарихтың белгілі кезеңдеріндегі әлеуметтік және саяси проблемалар туралы;

Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесінің дамуын зерттеу.

Қазақстанның қазіргі заман тарихының көп қырлылығы мен тарихы маңызы сонда, мемлекеттің біртұтас сипатын көрсету, қоғамдық сананы қалыптастыру, ұлттық идеология, азаматтардың жасампаздық белсенділігін дамыту, елдің зияткерлік әлеуетін көтеру осы пән шеңберіне жүзеге асады. Қазақстан қоғамының алға қойған мақсаттарының сәті жүзеге асырылуы үшін рухани негіз қажет. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы тарихи және мәдени дәстүрлердің сабақтастығына негізделетін қоғамдық сананы жаңғыртудың механизмдерін айшықтап береді. [1]

**Пәннің мақсаты:** Қазақстанның қазіргі заман тарихының негізгі тарихи кезеңдері туралы шынайы, толық білім беру; мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы, тарихи-мәдени үрдістердің үздіксіздігі мен сабақтастығына білім алушылардың назарын аудару.

**Оқыту міндеттері:** Ғылыми дүниетаным мен азаматтық ұстанымды қалыптастыратын Қазақстанның қазіргі заман тарихы білімін жүйелеу;

Қазақ халқының этногенезі мәселесін,

Ұлы Дала аумағындағы мемлекеттілік пен өркениеттер түрлері эволюциясын, аса маңызды тарихи фактілер мен оқиғалар жиынтығын, тарихтың сабақтары мен заңдарын тұтастай және объективті түрде қарастыруды көздеген қазіргі отан тарихының ғылыми-негізді тұжырымдамасын жасау;

Қазақстан қазіргі замаңғы әлеуметтік кеңістікте және әлемдік тарихтың уақыт межесіндегі өз орнын айқындауды көздейді. Қазақстандық қоғамда тарихи сананы жаңғырту, өзіндік ұлттық бірегейлік пен мәдени тұтастықты қалыптастыру, болашақ дамудың рухани бағдарын анықтау еліміздің ішкі дамуындағы маңызды көрсеткіш. Қазақстанның өткен тарихы - қоғамдық сананың түрлі деңгейіндегі гуманитарлық кеңістіктің негізгі бөлігін құрайды. Тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесінің жаңаруын, зияткерлік қоғамының жасампаз тұлғасын қалыптастыру және ұлттық тарихтың жаңа белестерін зерттеуде тарихи сабақтастықтың болуы заңдылық. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы Қазақстан Республикасы аумағында өмір сүрген, қазірде өмір сүріп жатқан қазақ және басқа да халықтардың тарихы және бүкіл адамзат тарихының құрамдас бір бөлігі. Өйткені ол Еуразия және Орталық Азия елдері тарихымен тығыз байланыста ұштасып жатыр. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы – Ұлы Далада ХХ ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейін орын алған тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, фактілерді, үдерістерді, тарихи заңдар мен заңдылықтарды аша отырып, оларды тығыз байланыста тұтас қарастыратын пән. ХХ ғасыр қазақ халқының тарихи тағдырында өте маңызды кезеңдердің бірі. Өйткені, қазақ қоғамдық саяси ойдың дамуы, Қазақ мемлекеттілігін жаңғырту идеясы сол кезде пайда болды. ХХ ғасыр қайшылықтарға толы көптеген саяси-әлеуметтік бетбұрыстар мен мәдени төңкерістердің, дүниежүзілік соғыстардың, экономикалық өзгерістердің орын алған кезеңі болғандықтан және бүгінгі күнмен етене байланысып жатқандықтан, осы үдерістерді оқытуға аса көңіл бөлу қажет.

Жеделдетілген модернизация мен республиканың экономикалық және идеялық-мәдени жетістіктерге қол жеткізген даму моделін шынайы ғылыми тарихи білім мазмұнымен толықтыру;

- Полиэтикалық және поликонфессионалды қазақтандық қоғамды біріктірудің идеологиялық және рухани негіздерін қалыптастыру;

- Дүниежүзілік тарих ауқымындағы бүгінгі Қазақстан қазіргі заман тарихының қайта-

ланбас ерекшелігі мен маңыздылығын анықтайтын ғылыми қағидаларын ашу.

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» мен «кәсіпкерлік негіздері» пәні бойынша пәнаралық сабақ өткізуге болады.

**! Алдарында жатқан бағалау парақтарын бар:**

«Миға шабуыл»	«Ой қозғау» терминдермен жұмыс	Топтық жұмыс, тақырыпты талқылау	Қосымша сұрақтар	Жобаны құрастыру	Барлық ұпай саны
---------------	--------------------------------	----------------------------------	------------------	------------------	------------------

енді өздерін сабақ бойы әр кезеңде бір-біріне 1 ұпайдан қосып отырасындар, сабақтың соңын-да барлық ұпай санын санай келе қорытын-дылайсындар.

**Жеке жұмыс. «Миға шабуыл» Интерак-тивтік тақтаға жазылған сұрақтарға электрондық қаламмен ұсынылған кесте-ні толтырады.**

1. Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы қай жылы өтті? /**1992ж**/

2. Құрылтайға әлемнің қанша елінен өкілдер қатысты? /**33**/

3. Қазақстанда Кеңестер жаппай өзін-өзі қай жылы таратты.? /**1993ж**/

4. 1993 жылдың соңына қарай Қазақстанда неше республикалық ұлттық-мәдени топтар болды? / **11 топ**/

5. Қай жылы Қазақстанда 300 ден астам қоғамдық саяси бірлестіктер болды? 1993 жылы

6. Қазақстан халқы Ассамблеясы қай жылы құрылды? 1995 ж 1 наурыз/

7. «Отан» республикалық саяси партиясы қай жылы құрылды? /1999ж/

8 «Отан» партиясының атауы қай жылы «Нұр Отан» ХДП деп өзгертілді? /2006ж/

9. Егемендік туралы Декларация қай жылы қабылданды? / 25.10.1990ж./

10. Қай жылы Сауд-Арабиясының қатысуымен – шетел бірлескен тұңғыш «әл-Барака-Банк Қазақстан» құрылды? /1990 жылы/ Терминдермен жұмыс.

1.«Экономика» деген сөз қандай мағына береді? **Экономика (гр. *οικονομία* — үй шаруашылығын жүргізу өнері) — материалдық игіліктерді өндіру, айырбастау, бөлу және тұтыну үрдісі кезінде адамдар арасында пайда болатын өндірістік қатынастар.**

2. Нарықтық экономика бұл?

3. **Нарықтық экономикалық жүйеде шаруа-шылықтың бағдары тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілер арасындағы бәсеке**

4. Инфляция? **Инфляция ақшаның құнсыздануы.**

5. Баға? **Баға бұл белгілі бір заттың құны.**

6. Жекешелендіру дегеніміз? **Бұл мемлекеттік меншікті меншіктің басқа нысандарына айналдыру үдерісі.**

7. Экономикалық дағдарыс? **Жұмыссыздықтың өсуі, табыс көздерінің төмендеуі және өндірушілердің жаппай күйзеліске ұшырауы.**

8. Аукцион бұл? **Аукцион – көпшілік алдында кім бағаны асырса, соған сатылатын бәсеке сауда.**

Сөз шектерін қосып, экономикалық термин-дерді табу

нуми	спорт
на	па
эк	люта
са	ріктес
ва	зматика
се	рық

Сөз шектерін қосып, экономикалық терминдер-ді табу

өнер	келестік
ақ	нама
та	кәсіп
тұты	быс
бәсе	ша
жар	нушы

**Топтық жұмыс: Тақырыпшаларды екі топқа бөліп беру. Топта әр студент өз ойын ортаға салып, ақылдасып, әнгімелейді.**

**I топ «Нарықтық жүйеге көшудің қиыншылықтары». Нарықтық экономиканы қалыптастыру**

Бүгінгі таңда Батыс және Шығыс Қазақстанда қандай өндіріс орындары бар?





**2 топ. «Ұлттық валютаны енгізу» «Ауыл шарушылығын нарық талабына сай қайта құру».** Студенттер бір-біріне сұрақтар қояды.

Бүгінгі таңда Оңтүстік пен Солтүстік Қазақстан қай кәсіби орталықтар бар?

Оқытушы сабақ барысында еске түсіріп отырады. **Бұл жұмыста «критерий» арқылы бағаланады. (картаны пайдалану, мазмұндау және қосымша сұрақтарға толық жауап беру).**

**Студенттер, Елбасымыз жүргізіп келе жатқан бейбішілік саясаттың арқасында біз бүгінгі таңда Тәуелсіз, экономикамыз тұрақтанған мемлекетпіз. Нұр-**

**сұлтан Әбішұлы Назарбаев «Әуелі экономика, содан кейін саясат» - деген қағиданы ұстанып, еліміздің** нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, демократияландыру бағытын алға жылжытып отыр. Олай болса, Елбасымыздың жүргізіп келе жатқан саясатын қолдай келе, осындай сұрақтарға жауап берейік:

1. Егерде қазір қойылатын сұраққа иә, деп жауап берсендер, **онда үш рет шапалақ соғасындар**). Сендер біздің Қазақстанның болашағы туралы ойлайсындар ма?

2. Сендер өздеріңді Қазақстанның патриотымын деп сезінесіңдер ме? ( Иә, болса, **қолдарынды жоғары көтересіңдер**, жоқ болса, төмен түсіресіңдер).

3. Қазақстан бәсекелестікке қабілетті елдердің арасында тұрақты өз орны болатынына сенімдісіңдер ме? ( Иә болса, **екі қолды алға созасындар**).

4. «Болашақ - білімді жастар қолында» дегенге сенесіңдер ме? ( иә болса, онда **бір-бірінің қолдарынды мықты ұстаңдар**).

5. Қазақстан қандай ел, ыңтымағы мен...? Бірлігі жарасқан ел. Тамаша, онда қазір екі топ бірігіп болашақта: «Қазақстанның экономикасының дамуына қандай үлес қосасындар?». «Қандай кәсіппен айналасуға болады?» (өз тауарларына жарнама жасандар, яғни өздерін өндіріп шығарған Отандық өнімге жарнама жасап көріндер. (Студенттерге флипчарт, маркер беріледі, топ ойларымен бөлісіп жоба құрастырып, ортаға шығып оны қорғайды).

Тәжірибие алмасу, уақытты тиімді пайдалану, студентпен жұмыс жасау, еркін және әдеби сөйлеу, аудиторияны толық ақпаратпен қамтамасыз ету, түрлі белсенді әдістерді қолдана отырып сабақты жүргізу – мұғалім үшін де студент үшін де тиімді. Сабақ барысында болашақ білімді де білікті, бәсекеге қабілетті жас мамандарды даярлап шығаруда осындай пәнаралық сабақтардың жүргізілуі қажетті және тиімді әдіс екені анықталды.

#### ӘДЕБИЕТ

1 Сарсенбаева С. С., Рамазанова Ш. Х., Баймаханова Н. Т, Медициналық жоғарғы оқу орындарындағы белсенді оқыту әдістері, Алматы 2011 жыл – 44 бет

2 Калентьева Н. В., Бекбосынова Р. Б. Командно-ориентированное обучение как способ активации познавательной деятельности [http://www.rusnauka.com/19\\_TSN\\_2014/Pedagogica/5\\_173470.doc.htm](http://www.rusnauka.com/19_TSN_2014/Pedagogica/5_173470.doc.htm)

3 Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы. – Алматы, 2018. – 128 б.

### REFERENCES

- 1 Sarsenbaeva S.S., Ramazanova Sh.H., Bajmahanova N.T, Medicinalyq zhoǵarǵy oqıu oryndaryndaǵy belsendi oqıtu әdisteri, Almaty 2011 zhyl – 44 bet
- 2 Kalent'eva N.V., Bekbosynova R.B. Komandno-orientirovannoe obuchenie kak sposob

- aktivacii poznavatel'noj dejatel'nosti [http://www.rusnauka.com/19\\_TSN\\_2014/Pedagogica/5\\_173470.doc.htm](http://www.rusnauka.com/19_TSN_2014/Pedagogica/5_173470.doc.htm)
- 3 Kenni Je. Batys filosofijasynuǵ zhaǵa tarihy, 1 tom, Antika filosofijasy. – Almaty, 2018. – 128 b.

Поступила

*Г. Г. Алиева<sup>1\*</sup>, А. Т. Бакирова<sup>1</sup>*

*МЕТОДЫ И ДОСТИЖЕНИЯ В ПРЕПОДАВАНИИ ПОЛИТИЧЕСКИХ И СОЦИАЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН В МЕДИЦИНСКОМ УНИВЕРСИТЕТЕ КАРАГАНДЫ*

<sup>1</sup>Кафедра истории и социально-политических дисциплин Медицинского университета Караганды (Караганда, Республика Казахстан)

---

\* Гульзат Габдуллаевна Алиева – преподаватель кафедры истории Казахстана и общественно-политических дисциплин Медицинского университета Караганды (Караганда, Республика Казахстан); тел.: +77011761898, e-mail: gulzatalieva2020@mail.ru

---

В настоящее время с целью подготовки специалистов здравоохранения используются различные методы обучения. В статье рассматриваются внедрение активных методов в междисциплинарном обучении. Преподаватели кафедры истории Казахстана и социально-политических дисциплин провели междисциплинарные занятия с использованием активных методов. Использование междисциплинарного обучения на занятиях в современном образовании связано с поисками путей преобразования традиционного обучения в более продуктивное, основанное на командной творческой деятельности обучающихся. Мы пришли к выводу, что данная методология является эффективной, необходимой для подготовки образованных, профессиональных и конкурентноспособных специалистов в современном мире.

*Ключевые слова:* Активное обучение, междисциплинарное занятие, проект, работа в команде, конкурентноспособность, эффективность

*G. G. Aliyeva<sup>1\*</sup>, A. T. Bakirova<sup>1</sup>*

*METHODS AND ACHIEVEMENTS IN TEACHING OF POLITICAL AND SOCIAL DISCIPLINES AT KARAGANDA MEDICAL UNIVERSITY*

<sup>1</sup>Department of history and socio-political disciplines of Karaganda medical university (Karaganda, Republic of Kazakhstan)

---

\*Gulzat Gabdullaevna Aliyeva – Lecturer of the Department of History of Kazakhstan and Social and Political Disciplines of Karaganda medical university (Karaganda, Republic of Kazakhstan); tel .: +77011761898, e-mail: gulzatalieva2020@mail.ru

---

Now it is use the variant teaching methods for qualifications of the public health professionals. This article consider the implementation of the active teaching methods in interdisciplinary learning. The teachers of department history of Kazakhstan and social-political disciplines conducted the interdisciplinary lessons with using of active teaching methods The using interdisciplinary learning at the lessons in the modern education is connecting with looking of reformation ways of classic learning into more effective.

We concluded that given concept is effective necessary for qualifications of marketability professionals at the contemporary world.

*Key words:* active learning, interdisciplinary, project, teamwork, competitiveness, efficiency